

## Шетырғыз селолық округі әкімінің 2009 жылғы 13 наурыздағы № 4 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 06 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда № 4100 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 35 бабының және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Шетырғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 13 наурыздағы № 4 «Көшелерге атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-101 болып тіркелген, 2009 жылғы 22 сәуірдегі «Шалқар» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешім кіріспесіндегі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы» қаулысы» деген сөздер алынып тасталсын.

мемлекеттік тіліндегі шешімнің бүкіл мәтіні бойынша «селолық» сөзі «ауылдық» сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шетырғыз ауылдық округінің әкімі	Ж.С. Табынбеков
----------------------------------	-----------------